

ұлғайуымен комплекстің активтілік энергиясының, яғни протондану энергиясының мәндерінің ұлғаюы көрсетіледі. Диссоциация реакциясы нәтижесінде карбоксил тобынанжұлынып алынған сутек атомының энергиясының, зерттеліп отырған диапазон аралығында (R(OH)_{3,4} дейін) монотонды ұлғаю өзгерісін байқауға болады.

Әдебиеттер

- 1 John Mc. Murry. Organic Chemistry.-6 ed. – Thomsonbooks; 2004.-1176р.
- 2 Черных В.П., Зименковский Б.С., Гриценко И.С. Органическая химия: Учебник для студ. вузов/ Под общ. ред. В.П. Черных.-2-е изд, испр. и доп. – Х.: Изд-во НФаУ, 2007. -776 с.
- 3Тлегенов Р. Синтез, строение и свойства производных алканов и циклоалканов. Автореф. дисс. докт. химич. Наук. – Ташкент. – 2008. – С.54

Ю.К.БАБАНСКИЙ КОНЦЕПЦИЯЛАРЫН ДИАЛОГТЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Кутжанова К.Ж., Базарбаева Д.А.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды, Қазақстан

Оқу үдерісінде диалогтық оқытудың маңызы зор. Себебі студенттерді диалогтық арқылы оқыту олардың өзара тілдесуін, ойларын жүйелеуі мен оны ары қарай дамытуын, оқытушы мен студенттің арасында диалог болуын қамтамасыз етеді. Жаңа тақырыпқа деген қызығушылығын арттырумен қоса, олардың сыни тұрғыдан ойлау деңгейін жоғарылатуды да осы модуль жүзеге асырады. Мерсер мен Литлтон [1] өзеңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді.

Выготскийдің оқу моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім, алады деп жорамалдайды. Диалог барысында студенттер келісілген нәтижеге жету үшін күш - жігерін жұмсайтын және Мерсер [2] сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Бірлесіп ойлау оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оны студенттер бірлескен зерттеу барысында да анықтай алады.

Диалогтық оқыту әдістері студенттердің сұрақ қою, қойылған сұраққа тиімді жауап беру, сөйлеу, тыңдалым сияқты дағдыларын қалыптастырады. Диалогтық оқытуда сұрақ қоя білудің рөлі зор болып келеді. Студенттердің жана тақырыпты меңгеруде түрткі сұрақтар қоя білу, сұрақты керісінше бағыттап білу студенттерді жүйелі түрде сөйлеуге ынталандырады. Оқытушылардың да студенттерінің қандай деңгейде екенін білуге және оны жақсарту мақсатында диалогтық оқытуға қатысты түрлі әдістерді дұрыс тандай

білуіне көмектеседі.

Студенттердің жаңа тақырыптың негізін ашу, қызығушылығын оятуда Ю.К.Бабанский концепцияларын диалогтық оқыту әдістемесінде қолдану студенттердің жүйелі түрде сұрақ қоя білу дағдысын, оқу деңгейін жоғарылатады, ойлау қабілетін жоғары деңгейге жеткізеді, сөйлеу мәдениетін дамытады, зерттеушілік, сабаққа қызығушылығын арттырады, ЖАДА-ны пайдалана отырып когнитивті дамуын қамтамасыз етеді. Выготский когнитивті дамудың оқушылар өздерінің «Жақын арадағы даму аймағында» жұмыс істеген жағдайда жақсаратындығын айтқан [3].

Диалогтық оқыту әдістемесінде «Миға шабуыл», «Дефиниция», «Жигсо» әдісі, «Ыстық орындық», «Қара жәшік ішіндегі жұмыс», «Венн-диаграмма», «Ашық микрофон» әдістерін қолдану студенттің жаңа тақырыпты меңгеруіндегі таптырмас құралдар болып табылады. Жоғарыда айтылған әдістердің ішінде «Ыстық орындық» әдісін қолдану «төмен» және «жоғары» дәрежелі сұрақтарды қоя отырып студенттерді жаңа сабақ бойынша ақпаратты белгілі бір тәсілдермен қолдануға, қайтадан құруға, одан әрі дамытуға, бағалауға, талдауға жетелейді.

«Ашық микрофон» әдісі арқылы сабаққа селқос қарап отырған студенттің қызығушылығын арттыру мақсатында қолына микрофон беріп, өткен жаңа тақырыпқа қатысты сұрақтар қойылады.

Бұл әдістердің бәрі студенттерді өткен және жаңа тақырып бойынша сындарлы сөйлеуге, оқуға деген күштарлықтарын арттыруға, зерттеуге ынталандыруға, сын тұрғысынан ойлауға, басқа студенттердің ойымен санасуға, ойын жинақтап қорытындылауға, іс-әрекетін шоғырландыруға әсерін тигізді.

Педагогикалық тәжірибеде қолданған әдістердің барлығы дерлік жаңа тақырыптың мазмұнын ашуға көмектеседі. Соның ішінде ең жақсы нәтижеге жеткізетін «Жигсо», «Дефиниция», «Венн-диаграмма» әдістері. Осы әдістерді жаңа тақырыпты түсіндіру барысында қолдану арқылы сабақтың тақырыбы толығымен ашылды. Студенттер диалогқа түсу арқылы өздеріне берілген тапсырманы бағалау критерийлерін ескере отырып, толығымен орындады. Кейін әр топтан екі спикер шығып тақырыптарының мазмұнын ашты. Басқа топтың балалары түсінбеген жерлерін сұрақ қою арқылы біліп алды. Зертханалық сабақта қолданылған «Дефиниция» әдісі дәрістік сабақты қаншалықты түсінгендерін толығымен ашты. Яғни студенттер, берілген тапсырмалар арқылы әдістің негізгі ұғымдары мен әдіс туралы деректерді диалогқа түсу арқылы қарастырды. Сонымен бірге, студенттердің тек қаншалықты жаңа тақырыпты меңгергендерін ғана емес, әдіс қаншалықты түсінбегендерінде көрсетіп берді. Нәтижесінде алға қойған сабақтың мақсаттарына толығымен жеттім деп айта аламын.

«Ашық микрофон», «Ыстық орындық» әдістері сабақты қорытындылауға көмектесті. Студенттердің тақырыпты меңгеру деңгейін анықтау үшін диалогтық оқыту модулін оқу процесінде пайдаланудың тиімді екендігіне көз

жеткіздім.

Диалогтық оқыту модулінің студенттердің меңгеруіне байланысты таңдап алған әдістерімді қолдану кезінде: студенттер сын тұрғысынан ойлауға, жүйелі түрде сұрақ қоюға үйренді, берілген тапсырманы талдау кезінде қажетті ақпараттарға сүйене отырып күрделі мәселелерді шешуге, айтылған пікірлерді салыстыруға, топ ішінде тиімді қарым - қатынас жасай білуді үйренді.

Диалогтық оқытуды қолдану барысында көптеген жақсы нәтижелерге қол жеткіздім. Соның бірі, үнемі сабаққа селқос қарап, белсенділік танытпайтын студенттер студенттердің оқу процесінде пікірталасқа қатыса алатын, өз ойын ашық жеткізе алатын, жүйелі түрде сұрақ қоя алатын қабілетеріде бар екенін байқадым.

Жалпы сабақтарда диалогты оқытуды қолдану өте пайдалы, студенттердің дұрыс сөйлеу дағдысын, бір - бірімен тіл табыса білуін қалыптастырады. Студенттердің сөздік қорларын дамытып, олардың өз ойын ашық жеткізе білуіне, мәнді, мағыналы сөйлей білуге үйрету үшін сабақ үрдісінде диалогтық оқыту әдісінің тиімділігіне өз тәжірибемнің нәтижесінде көз жеткізе білдім. Байқағаным, диалогтік оқыту белсенді түрде өткізілген жағдайда студенттердің білімі, сыни тұрғыдан ойлауы жоғары және пайдалы болады. Сұрақ қою барысында да студенттер қате жауап бергені үшін қорықпай, өз идеяларын еркін жеткізе отырып, бір - бірінің түсінуіне көмектесті.

Сөйтіп, оқушылар бойында диалогтік оқыту әдісі арқылы студенттердің сыни тұрғыдан ойлау дағдылары, Блум таксономиясына негізделі отырып сұрақтарды дайындау, төменгі дәрежелі сұрақтардан жоғары дәрежелі сұрақтар қою дағдылары қалыптасты. Сонымен қоса диалогтық оқыту модулі басқа модульдермен де ұштастырылды.

Осы диалогтық оқыту барысында келесідей кедергілер кездесті: алдыңғы сабақтарымда топтық жұмыс бойынша пайдаланған диалогтық оқыту әдісінде топ мүшелері басқа топтарға сұрақтар қою барысында, кейбір студенттердің дұрыстап сұрақ қоя алмауы, жауабын беру кезіндегі шатасулар, кейде өздері қойған сұраққа жауап берулері көрініс алды. Бірақ, кейінгі сабақтарымда студенттердің сұрақ қою, сөйлеу дағдылары, сабақты жақсы меңгеру қалыптасқандықтан бұндай қателіктер аса көп кездеспеді. Болашақта студенттердің осы диалогты оқыту арқасында меңгерген дағдыларын ары қарай дамыту барысында тиімді әдіс - тәсілдерді пайдалануға, әңгімелесу тәсілдерін қолдануға тырысамын.

Әдебиеттер

1. Merser N., Littleton K. Диалог және ойлауды дымыту. Әлеуметтік мәдени тәсіл. - NY: Routledge, 2007
2. Merser N. Сөздер мен сана: бірлесіп ойлану үшін тілді қалай қолданамыз? - London: Routledge, 2000
3. Выготский Л.С. Психология развития человека. - М.: Изд-во Эксмо, 2005. - 1136 с.